

ғылыми) желілік семинарларды өткізу үшін сәйкес пәндік аймақтың жетекші ғалымдарын қатыстыру тиімді. Осыған байланысты ақпараттық технологиялар техникалық бағыттағы студенттердің оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу қызметтерін үйлестіруді қамтамасыз ететін мамандардың кең ауқымының мүмкіндіктерін ұсынады.

#### ЛИТЕРАТУРА

1 Демкин В.П., Можаяева Г.В. Технологии дистанционного обучения. Монография – Томск, 2008.-124 б.

#### *Резюме*

*В данной статье рассмотрены особенности организации дистанционного обучения студентов технического вуза. Рассмотрены методы, формы, средства организации дистанционного обучения. Интерактивность рассматривается как важный элемент дистанционных занятий. Представлены способы эффективной организации сетевых занятий.*

#### *Resume*

*In this article features of the organization of remote training of students of technical college are considered. Methods, forms, means of the organization of training are considered. Interactivity is considered as the important element of remote employment. Ways of the effective organization of network employment are presented.*

УДК 378.147

## **ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕСІ**

**Б.Ж.Нурбеков**

*С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті*

Қашықтықтан оқыту тарихы ХІХ ғ. ортасынан басталады. Қашықтықтан оқытудың шетелдік және отандық тәжірибесі көрсеткендей бүгінде аккредитацияланған қашықтықтан оқыту сапа жағынан дәстүрлі оқытудың эквиваленті болып табылады.

Қазірде қашықтықтан оқытудың әртүрлі білім беру сатысы үшін іске асырылып, докторлық бағдарламалар бойынша да аккредитацияланған қашықтықтан оқыту ұйымдастырылған.

Қазақстанда қашықтықтан оқыту бойынша алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының тәжірибесі белгілі (Қ.Сатпаев атындағы ҚазҰТУ, Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті және т.б)

Алайда, Қазақстан жерінде бірқатар шетелдік оқу орындары қашықтықтан оқытуды ұйымдастырған. (Лондон университеті, UIB, ТГУ, СГУ, ТИАСУР және т.б). 100 000-нан астам студенттері бар қашықтықтан оқыту мекемелері мегауниверситеттерге айналып, қашықтықтан оқытуды ірілендіруді көздеген бірлестіктер, концорциумдар құрылуда. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Инновациялық Евразиялық университеті сияқты Қазақстанның бірқатар оқу орындары кіретін, жалпы 40-тан астам оқу орындарын біріктірген «Сибирский открытый университет» ассоциациясы қашықтықтан оқытуды ірілендіруді көздейтін ашық білім беру бірлестігінің мысалы бола алады.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың биылғы халыққа жолдауында белгіленген тапсырмасында әлемнің алдыңғы қатарлы университеттер рейтингісіне еліміздің жоғары оқу орындарының енуі қарастырылған. Ал ашық білім беру кеңістігінде бәсекелестікті ұту үшін қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылығын қалыптастыру қажет.

Әрине педагогикалық кәсіби-құзырлылық педагогика ғылымында анықталған.

Біздің қарастыруымызда қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылығы – бұл оқыту барысында қалыптасқан және кәсіби-педагогикалық іс-әрекетінде дамиды интерактивті сапа, қашықтықтан оқытуда кәсіби іс-әрекетті тиімді ұйымдастыруды қамтамасыз ететін кәсіби мәнді қасиеттер жиынтығы, кілттік(негізгі), жалпы кәсіби және арнайы ақпараттық-коммуникациялық құзырлылықтарынан тұратын жүйе.

Қазіргі кезде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың үздіксіз дамуы қашықтықтан оқытудың мақсаты, мазмұны, әдісі, құралдары мен ұйымдастырудың ақпараттандыру үдерісінің деңгейіне сәйкес болуын талап етеді.

Қашықтықтан оқытуды талдау көптеген жағдайларда білім беру мекемелердің көбінде қашықтықтан оқыту бойынша педагогикалық және ақпараттық-коммуникация құралдарын қолданудағы тәжірибелерінің жеткіліксіздігін көрсетті. Жеке шешілмеген мәселе ретінде қашықтықтан оқытуда қолданылатын бар ақпараттандыру құралдарының сапасы мен шашыраңқы болуын айтуға болады.

Қашықтықтан оқытуды бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектерді және бар тәжірибені зерттеу барысында:

- желілік оқу-әдістемелік кешендерді таратуда кемшіліктер,
- қашықтықтан оқыту жүйесінің әртүрлі синхронды және асинхронды тәртіптерінде қашықтықтан оқыту жүйесінің ұйымдастыруларының жеткіліксіз деңгейі;
- желілік оқу материалының құрылымдалмауы,
- ақпараттандыру құралдарының қашықтықтан оқыту ерекшелігіне сәйкес жүйеленбеуі сияқты мәселелерді көрсетті.

Қашықтықтан оқыту құралдары ақпараттандыру құралдары ретінде арнайы әдістемелік және технологиялық тәсілдерді талап етеді, ал бұл оқытушылардың кәсіби құзырлықтарына маңызды талаптар қойып қашықтықтан оқыту тиімділігіне әсер етеді.

Қашықтықтан оқыту жүйелерінің стандартталған, толық қызметті, сонымен қатар қазіргі оқу орындарының жергілікті талаптарына сәйкес жасалған қашықтықтан оқыту жүйесінің жоқтығы, қашықтықтан оқыту барысында ғылыми негізделген ақпараттық коммуникациялық технологияны қолдану ресурстарын қолдану әдістемесінің жоқтығы, қашықтықтан оқыту бойынша іс-әрекетінде педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларының мүмкіндіктерін интеграциялауға құзырлылық оқытушыларды әмбебап дайындау қажет.

Қашықтықтан оқыту жағдайында студенттердің өздік жұмысы оқыту үдерісінің бастапқы құраушысы болады. Осыған байланысты, қашықтықтан оқыту сапасына оң әсер ететін тәсілдер қажет екені, сонымен қатар, кәсіби құзырлылық, жеке тұлғаға бағытталған тәсілді іске асыру қажеттігі туындайды.

Қашықтықтан оқыту пәндерінің және қашықтықтан оқытудың ерекшеліктерімен қатар, меңгерілетін оқу материалының иерархиялық құрылымдылығы, веб-бағытталған оқу жүйелеріндегі жылжымалы, динамикалық оқу ақпаратының модульдігі, желілік оқу материалын іріктеу мен таңдаудың, құрылымдаудың дәстүрлі ақпараттық-математикалық әдістерімен қатар, қазіргі модульдік ойлау теориясымен оның оқу сипатты ақпараттық массивтің веб-желіде паттерндік желі түрінде беру орынды болады. Себебі, осы тұрғыда берілетін ақпарат оқылатын пәннің ойдағы бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, ойлаудың модульдігін ескереді.

Жоғарыдағы айтылғандар оқытушылардың қашықтықтан оқыту бойынша кәсіби құзырлылықтарын қалыптастырудың қажеттілігімен ғылыми-негізделген, әдістемелердің жоқтығы арасында қарама-қайшылық бар екенін көрсетеді. Сонымен, қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылығын қалыптастырудың ғылыми негізделген әдіснамалық негіздерінің қандай екенін, сонымен қатар педагогикалық ғылыми негізделген шарттарын анықтау қажет.

Осыған орай, қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылықтарын қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін жасау зерттеу мақсаты болып табылады.

Қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылықтарын қалыптастырудың әдістемелік жүйесі қашықтықтан оқытудың даму тенденциясын ескеріп, жеке тұлғаға бағытталған болуы керек.

Сонымен қатар, біріншіден, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар мен педагогиканың технологияларын интеграциялау, екіншіден, қашықтықтан оқыту құралдарының интеграциясы, үшіншіден, ақпараттық интеграциялау мен қашықтықтан оқыту барысында информатика мен математиканың әдістерінің орынды қолданылып, пәннің ерекшеліктері мен телекоммуникациялардың ерекшеліктерін ескерілетін болса, онда қашықтықтан оқытудың спецификасын ескеретін, студенттердің кәсіби дайындығының бағытын ескеретін, оқылатын пәндердің пәндік аумағы ерекшеліктерін ескеретін оқуды жүзеге асыру мүмкін. Тек осы жағдайда ғана қашықтықтан оқыту бойынша кәсіби құзырлылықтың қажетті деңгейде қалыптасуын қамтамасыз етеміз, себебі кәсіби құзырлылықты қалыптастыруда саралау мен даралауды іске асыратын оқыту әдістері іске асырылады.

Сонымен, қашықтықтан оқытуды дамытуда алдымен келесі зерттеу міндеттері қарастырылды:

- қашықтықтан оқытудағы педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар ерекшеліктерін қарастырып, қашықтықтан оқыту жағдайын оқып талдау;
- қашықтықтан оқытудың қазіргі даму тенденцияларын анықтап, қашықтықтан оқыту үшін ақпараттандыру құралдарын жасау және қолдану ерекшеліктері;
- есептеу техникасы мен бағдарламалық қамтаманың динамикалық дамуын ескеретін қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру жайлы теориялық зерттеу;
- қашықтықтан оқыту құралдарын жасаудың информатикалық-математикалық әдістерін анықтау;
- қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылықтарын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін жасау;
- қашықтықтан оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және педагогикалық технологиялардың даму тарихы мен логикасына сәйкес қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мен әлемдік қазіргі заманғы ақпараттық магистралдық әдіснамасын оқудың арнайы курстарын жасау;
- қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылықтарын қалыптастырудың құралдары мен әдістерін, жасалынған әдістемені эксперимент жүзінде дәлелдеу мәселелері.

Қашықтықтан оқытудың теориялық-әдіснамалық мәселелерін қарастыру барысында

- қашықтықтан оқытуды теориялық-әдіснамалық талдау негізінде қашықтықтан оқыту әдістерінің даму тенденциялары анықталды.

- жеке тұлғаға бағытталған тәсіл негізінде қашықтықтан оқыту моделі жасалынды.

- қашықтықтан оқытудың анықталған тенденцияларын ескеретін, жеке-тұлғаға бағытталған оқытуды іске асыруды көздейтін, ұсынылған қашықтықтан оқытудың моделін жүзеге асыратын қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылығын қалыптастыру теориясы негізделді.

- қашықтықтан оқытудың жеке-тұлғалық тәсілге негізделген қашықтықтан оқытудың педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың интеграциясын қашықтықтан оқытудың аспаптық құралдарын интеграциялау, қашықтықтан оқыту құралдарын жасауда, қашықтықтан оқыту құралдарында пәннің мазмұнын қалыптастыру және қашықтықтан оқытуды басқаруда ақпараттық интеграциялауды қолдану қажеттігі анықталды.

- берілген ғылыми саланың жетістіктерін ескеріп, оқыту мазмұны мен оқыту әдістерін үнемі жетілдіру мақсатында қашықтықтан оқыту құралдарын жасаудың информатикалық-математикалық әдістері анықталды.

- ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, пәндік саланың ерекшеліктерін ескеретін қашықтықтан оқыту әдістемесі жасалынды.

- қашықтықтан оқытудың педагогикалық және ақпараттық коммуникациялық технологиялардың даму тарихы мен логикасына сәйкес оқытушылардың қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру мен әлемдік қазіргі заманғы ақпараттық магистральдық әдіснамасын оқудың арнайы курстары жасалынды.

Қашықтықтан оқыту бойынша оқытушылардың кәсіби құзырлылығын қалыптастырудың жоғарыда келтірілген теориялық және әдіснамалық негіздерін жасау және жүзеге асыру, қашықтықтан оқытудың дамуын ескеретін қазіргі заманның қашықтықтан оқыту құралдарын табысты қолдануының негізгі факторы болып табылады.

### **Резюме**

*В данной статье рассматриваются проблемы развития дистанционного обучения. На основе анализа современного состояния дистанционного обучения и возможностей имеющихся технологий дистанционного обучения определены основные задачи развития дистанционного обучения. Основой создания теоретико-методологической базы определено триединство*

интеграции педагогических и информационно-коммуникационных технологий, интеграции возможностей инструментальных средств дистанционного обучения, информационной интеграции на основе использования информатико-математических методов при создании сетевых дидактических материалов и управлении дистанционным обучением.

#### **Resume**

*This article discusses the challenges of distance learning. Based on the analysis of the current state of distance learning and capabilities of distance learning technologies outlined the main challenges of distance learning. The basis of a theoretical and methodological framework defined by the trinity of teaching and integration of information and communication technologies, integrating the capabilities of the tools of distance learning, information integration through the use of informatics and mathematical methods in creating network management teaching materials and distance learning.*